22	Home Credit & Finance Bank (Moscow) (ООО «Хоум Кредит энд Финанс Банк» Өзге банктардан алған қысқа мерзімді займдар	1 590 000,00	Директорлар Кеңесінің 29.11.2016ж. №63/2013 Қаулысы	Директорлар Кеңесі	19.12.2013
23	Air Bank a.s. (Эйр Банк а.с.) Өзге банктардан алған ұзақ мерзімді займдар	3 200 000,00	Директорлар Кеңесінің 29.11.2013ж. №63/2013 Қаулысы	Директорлар Кеңесі	13.12.2013

4. ЭМИТЕНТ ҚЫЗМЕТІНІҢ СИПАТЫ

Осы Проспектіде Эмитенттің қаржылық жағдайына, операциялық қызметіне, сондай-ақ олармен байланысты жоспарлар, ниеттер, үміттер, қателіктер, мақсаттар мен пікірлер болуы мүмкін. Бұл өтініштер нақты деректер болып табылмайтын, барлық сұрақтарды қамтиды және әдетте, бірақ әрдайым емес, «күтеді», «күтіледі», «болжайды», «болжамдайды», «бағалайды», «баға бойынша», «тиіс», «болады», «жоспарлайды» немесе осыған ұқсас сөздерді, соның ішінде олардан шыққан туындыларды және мойындамауларды немесе ұқсас терминологияны пайдалану әрдайым анық болуы мүмкін емес.

Әлеуетті инвесторлар болжамдық құбылыстар, болашақ нәтижелердің кепілі болып табылмайтындығына, сондай-ақ Эмитент қызметінің нақты нәтижелері мен Эмитент өз қызметін жүзеге асыратын саладағы жағдай, әрі қарай осы Проспектіде көрсетілген болжамдық құбылыстардан айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін.

Проспектінің осы тарауын дайындаған кезде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржылық нарықты және қаржылық ұйымдарды бақылау және қадағалау жөніндегі комитетінің 2013 жылғы 1 желтоқсан ақпараттары мен Эмитенттің аяқталған 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аудиттелмеген қаржылық есептілігі пайдаланылды.

23. Эмитент қызметіндегі жалпы үрдістердің, соның ішінде эмитенттің негізгі қызмет түрлерінің сипаттамасы.

Эмитент тұтынушылық несиенің қазақстандық нарығындағы жетекші *банктердің* бірі болып табылады. Акционерлік капиталдың 100% «Хоум Кредит энд Финанс Банк» ЖШҚ (Ресей) тиесілі. Эмитент тұрғындарды несиелендірудің еуропалық нарқының көшбасшыларының бірі болып табылатын, «Home Credit» халықаралық тобының құрамына кіреді.

Эмитенттің қызметіндегі басымдылық бағыт тұтынушылық несиелендіру болып табылады. Эмитенттің әлеуетті клиенттеріне ұсынатын негізгі өнімі, «Қазпошта» АҚ бөлімшелері арқылы, өзінің бөлімшелері және тікелей маркетинг арқылы тауарлардың және мақсатты емес ақшалай несиелерінің кең спектрін сатып алуға арналған серіктестердің сатылым нүктелеріндегі қолма-қол ақшасыз несиелер болып табылады.

Эмитенттің филиалдық желісі Қазақстан Республикасының барлық аумағын қамтиды. 2013 жылғы 31 тамыздағы жағдай бойынша Эмитент POS арнасындағы 3 414 сатылым нүктесі, «Қазпошта» АҚ 211 бөлімшелеріндегі кеңесшілері, 49 банктік бөлімшелері мен 90 шағын кеңселер, сондай-ақ несиелер бойынша төлемдер төлейтін 82 терминалы бар.

2013 жылғы сәуірде «Fitch Ratings» халықаралық рейтингтік агенттігі Эмитентке «BB-» ұзақ мерзімдік несиелік рейтингін тағайындады.

1) эмитенттің бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер

Қазақстанның банк секторы Республикадағы қаржы нарығының ең дамыған сегменті болып табылады. Ұлттық Банктің ресми интернет көзіне сәйкес, бүгінгі таңда Қазақстанда 38 екінші деігейлі банк (ЕДБ) жұмыс істейді.

Банктің негізгі бәсекелестері ретінде жекелеген несие берумен және депозиттер ұсынумен айналысатын банктер болып саналады.

Жекелеген несие беру саласында 4 банк негізгі бәсекелестер болып табылады. Ұлттық Банктің сайтындағы статистикалық мәліметтер бойынша, олардың активтері 1 846 млрд тенгеден

асады. Кең ауқымды филиалдар торабының арқасында, жекелеген бизнес, бұл банктерде, негізгі саланың бірі болып табылады.

Депозиттер ұсыну саласында, негізгі бәсекелестер болып кең ауқымды филиалдар торабы арқылы жеке тұлғалардың мерзімді салымдарын тартатын банктер саналады. Осы бағытта «Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ шамамен 10 бәсекелесі бар. Қазақстанның Ұлттық Банкі мәліметіне сүйенсек, 01.12.2013 ж. осы банктер жеке тұлғалар салымдарының 87% басқарған.

2) Қазақстан Республикасының ішіндегі орташа салалық және бұл мүмкін болса орташа әлемдік көрсеткіштері бар эмитенттің қызметінің салыстырмалы сипаттамасы

01.12.2013 жылғы жағдай бойынша Қазақстанның банктік жүйесі екінші деңгейдегі 38 банкпен ұсынылған, олардың ішіндегі біреуі жүз пайыздық мемлекеттік қатысуымен болатын банк («Тұрғын үй құрылыс банкі» АҚ) және шетелдік қатысуымен 17 банк пен 14 еншілес банкі. 01.12.2013 жылғы жағдай бойынша екінші деңгейлі банктердің филиалдар саны 378 құрады.

Төменде 01.12.2013 жылғы жағдай бойынша (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржылық нарықты және қаржылық ұйымдарды бақылау және қадағалау комитетінің деректері бойынша) негізгі қаржылық көрсеткіштер бойынша деректер келтірілген:

1 желтоқсан 2013 жылғы жағдай бойынша ҚР екінші деңгейдегі банктердің активтері

Орын	Банктің атауы	Активтер (мың тенге)	Банк секторын ың тұтас активтегі үлесі (%)
1	"ҚАЗКОММЕРЦБАНК" АҚ	2 477 800 863	16%
2	"Народный Банк Казахстана" АҚ	2 277 204 869	15%
3	"БТА Банк" АҚ	1 525 508 885	10%
4	"Банк ЦентрКредит" АҚ	1 104 365 959	7%
5	"Сбербанк" АҚ ЕБ	970 295 148	6%
6	"АТФБанк" АҚ	899 341 654	6%
7	"KASPI BANK" АҚ	812 663 992	5%
8	"Цеснабанк" АҚ	804 546 883	5%
9	"Альянс Банк" АҚ	569 865 024	4%
10	"Евразийский Банк" АҚ	568 425 965	4%
...21	"Банк Хоум Кредит" АҚ ЕБ	110 087 410	1%
	Басқалары	2 989 176 284	20%
	Жиыны	15 109 282 936	100%

1 желтоқсан 2013 жылғы жағдай бойынша ҚР екінші деңгейлі банктердің меншік капиталы

Орын	Банк атауы	Меншік капиталы (мың тенге)	Банк секторыны ң тұтас меншік капталынд ағы үлесі (%)
1	"Народный Банк Казахстана" АҚ	342 700 997	17%
2	"ҚАЗКОММЕРЦБАНК" АҚ	330 445 945	16%

3	"БТА Банк" АҚ	236 342 052	12%
4	"Сбербанк" АҚ ЕБ	107 164 717	5%
5	"Жилстройсбербанк Казахстана" АҚ	97 595 150	5%
6	"Банк ЦентрКредит" АҚ	84 401 080	4%
7	"KASPI BANK" АҚ	81 479 011	4%
8	"Нурбанк" АҚ	75 422 860	4%
9	"Цеснабанк" АҚ	70 240 482	3%
10	"АТФБанк" АҚ	69 340 300	3%
...14	"Банк Хоум Кредит" АҚ ЕБ	26 723 572	1%
	Басқалары	495 173 968	25%
	Жиыны	2 017 030 134	100%

1 желтоқсан 2013 жылғы жағдай бойынша ҚР екінші деңгейлі банктердің таза кірісі

Орын	Банк атауы	Таза кірісі (мың тенге)	Банк секторын ың тұтас таза кірістегі үлесі (%)
1	"Народный Банк Казахстана" АҚ	62 518 414	26%
2	"KASPI BANK" АҚ	29 992 273	13%
3	"БТА Банк" АҚ	25 349 641	11%
4	"КАЗКОММЕРЦБАНК" АҚ	25 328 506	11%
5	"Сбербанк" АҚ ЕБ	20 075 118	8%
6	"Цеснабанк" АҚ	13 410 763	6%
7	"Банк Хоум Кредит" АҚ ЕБ	11 089 078	5%
8	"Евразийский Банк" АҚ	10 839 742	5%
9	"Ситибанк Казахстан" АҚ	7 745 756	3%
10	"Жилстройсбербанк Казахстана" АҚ	5 792 862	2%
	Басқалары	24 312 688	10%
	Жиыны	236 454 841	100%

1 желтоқсан 2013 жылғы жағдай бойынша ҚР екінші деңгейлі банктердің несиелік портфелі

Орын	Банк атауы	Таза кірісі (мың тенге)	Банк секторын ың тұтас таза кірістегі үлесі (%)
1	АО "КАЗКОММЕРЦБАНК"	2 481 291 769	19%
2	АО "БТА Банк"	2 385 062 217	18%
3	АО "Народный Банк Казахстана"	1 686 783 669	13%
4	АО "Банк ЦентрКредит"	911 151 216	7%
5	ДБ АО "Сбербанк"	736 762 245	6%
6	АО "KASPI BANK"	708 208 897	5%
7	АО "АТФБанк"	697 998 418	5%
8	АО "Цеснабанк"	663 720 868	5%
9	АО "Альянс Банк"	587 322 022	4%
10	АО "Евразийский Банк"	460 140 588	3%

...19	"Банк Хоум Кредит" АҚ ЕБ	102 219 313	1%
	Басқалары	1 839 725 360	14%
	Жиыны	13 260 386 582	100%

1 желтоқсан 2013 жылғы жағдай бойынша ҚР екінші деңгейлі банктерде ораналстырылған салымдар (SPV ескермегенде)

Орын	Банк атауы	Занды және жеке тұлғалардың салымдары (SPV ескермегенде) (мың тенге)	ЕДБ ораналстырылған Тұтас салымдардағы үлес (%)
1	"Народный Банк Казахстана" АҚ	1 672 048 066	17%
2	"КАЗКОММЕРЦБАНК" АҚ	1 623 113 604	17%
3	"Банк ЦентрКредит" АҚ	785 929 861	8%
4	"Сбербанк" АҚ ЕБ	655 363 068	7%
5	"Цеснабанк" АҚ	619 552 308	6%
6	"АТФБанк" АҚ	573 900 592	6%
7	"KASPI BANK" АҚ	572 103 666	6%
8	"БТА Банк" АҚ	532 815 641	6%
9	"Евразийский Банк" АҚ	358 449 768	4%
10	"Альянс Банк" АҚ	313 666 832	3%
26	"Банк Хоум Кредит" АҚ ЕБ	38 809 932	0,4%
	Басқалары	1 932 251 292	20%
	Жиыны	9 678 004 630	100%

3) эмитенттің болашақта саланы дамытуға қатысты болжамы және оның осы саладағы жағдайы.

Келесі айтылғандар Эмитенттің даму стратегиясының негізгі элементтері болып табылады:

- Серіктестердің және сегменттің әрі қарайғы диверсификациясы, пайдалылықты арттыру.
- X-sell тиімділікті күшейту –X- sell стратегияларды жақсарту, байланыс арналарының санын арттыру.
- Жеке-дара банкингі дамыту.
- Филиалдық торптың кеңеюі, микро-филиалдар форматын дамыту.
- Интернет арнасын қамту: интернет банкинг, мобильді банкинг, әлеуметтік торап
- Қолма-қол несиелік өнімдерді бұдан әрі диверсификациялау.
- Пилоттық несиелік карталарды іске қосу.
- Клиенттермен өзара әрекеттестіктің барлық нүктелерінде клиенттерге қызмет көрсетудің сапасын арттыру.
- Жеке-дара банктік ұйым ретіндегі Банк туралы тұрғындардың ақпараттандыруын арттыру
- Нарықтағы өнімдер бойынша жетекші ұсыныстары бар, мерзімді депозиттерді іске қосу, сатылымдардың тиімді уәждемесін және күшейтілген жарнамалық қолдауды бекіту.
- Қолма-қол несиелік өнімдерді бұдан әрі диверсификациялау.
- Пилоттық несиелік карталарды іске қосу.
- Клиенттермен өзара әрекеттестіктің барлық нүктелерінде клиенттерге қызмет көрсетудің сапасын арттыру.

- Негізгі өнімді белсенді жарнамалау жолымен, жеке-дара банктік ұйым ретіндегі Банк туралы тұрғындардың ақпараттандыруын арттыру

24. Салдары эмитенттің қызметіне елеулі ықпал етуі мүмкін, эмитентпен жасалған келісім-шарттар, келісімдер туралы мәліметтер.

31.12.2013 ж. жағдай бойынша Эмитент өзінің қызметіне елеулі ықпал етуі мүмкін келісім-шарттар және келісімдер жасаған жоқ.

25. Эмитенттің өз қызметін жүзеге асыру үшін алған, құжаттың нөмірі мен күні, қолданылу мерзімі және осы құжатты берген орган көрсетілген лицензиялар, патенттер, рұқсат қағаздары туралы мәліметтер.

31.12.2013 ж. жағдай бойынша Эмитент банк және өзге операцияларды жүзеге асыруға рұқсат беретін 14.05.2013 жылы Қазақстан Республикасының қаржылық нарықты және қаржылық ұйымдарды қадағалау және бақылау Агенттігімен берілген №1.1.188 Лицензияға ие болды.

26. Соңғы екі жылда немесе қабылданған физикалық немесе сандық өлшеу бірліктерінде нақты әрекет еткен кезеңдерде өткізілген өнімінің (орындалған жұмыс, қызмет) көлемі. Соңғы екі жылда немесе нақты әрекет еткен кезеңдерде өткізілген өнімінің (орындалған жұмыс, қызмет) көлеміндегі өзгерістердің талдауы.

22 кесте – Клиенттердің қаражаттары, мың тенге

Атауы	2011 ж.	2012 ж.	2012ж. 2011 ж. салыстырғандағы өзгерістер (%)
Ағымдағы шот			
Заңды тұлғалар	1 606 641	3 807 988	137,0%
Жеке тұлғалар	3 734 506	6 407 903	71,6%
Жедел салымдар			
Заңды тұлғалар	7 884 781	15 936 055	102,1%
Жеке тұлғалар	1 012 005	2 405 604	137,7%
Барлығы	14 237 933	28 557 550	

Дерекнама: Эмитент мәліметтері

22 кесте – Клиенттерге арналған несиелер, мың тенге

Атауы	2011 ж.	2012 ж.	2012ж. 2011 ж. салыстырғандағы өзгерістер (%)
Заңды тұлғалар	-	-	
Жеке тұлғалар	32 544 453	66 859 261	105,4%
Барлығы	32 544 453	66 859 261	

Дерекнама: Эмитент мәліметтері

27. Эмитенттің негізгі қызмет түрлері бойынша сатылым (жұмыс, қызмет) табысына позитивті және теріс ықпал ететін факторлар.

Эмитенттің қызметіне позитивті ықпал ететін факторлар:

- Сатылатын өнімдердің табыстылығы;
- Нарықтың жаңа сегменттеріне шығу;

- Несие портфелінің жоғары сапалылығы;
- Шығындардың нәтижелі қадағалау;
- Банктің капиталдандырудың жоғары деңгейі және ауқатты акционердің демеуі.

Эмитенттің қызметіне теріс ықпал ететін факторлар:

- 30 мамыр 2011 жылы күшіне енген ең жоғары нәтижелі мөлшерлемеге шектеу өнімдердің табыстылық деңгейін айтарлықтай төмендетті;
- Қазақстанның басқа банктерімен салыстырғанда бөлімшелер желісінің даму деңгейінің төмендігі;
- қорландыру құрылымындағы жеке тұлғалардың депозиттерінің төмен үлесі.

28. Эмитенттің өз өнімін (жұмыс, қызмет) сатуды ұйымдастыру жөніндегі қызметі.

Банк қаржылық ұйым болып табылады, оның қызметінің негізгі түрі банктік қызмет көрсету. Банк қызметінің негізгі тұтынушылары заңды және жеке тұлғалар.

29. Эмитенттің қызметіне әсер ететін негізгі факторлар:

1) эмитент қызметінің мерзімділігі, мерзімді сипаттағы эмитент қызметінің түрлері, және эмитенттің жалпы табысындағы олардың үлесі

Банктің қызметі мерзімді сипатта емес.

2) эмитентке жеткізілетін шикізаттың (жұмыс, қызмет) жалпы көлеміндегі импорт үлесі және өткізілетін өнімнің жалпы көлеміндегі эмитенттің экспортқа өткізетін өнімінің (жұмыс, қызмет) үлесі;

	Сомасы (мың теңге)	Жалпы көлем дегі үлесі (%)	Сомасы (мың теңге)	Жалпы көлемдегі үлесі (%)	Сомасы (мың теңге)	Жалпы көлемдегі үлесі (%)	Сомасы (мың теңге)	Жалпы көлемдегі үлесі (%)
	31.12.2010		31.12.2011		31.12.2012		31.12.2013	
Бейрезиденттерде орналастырылған активтер								
Қолма-қол акша және тазартылған асыл металдар	152 113	31%	191 265	22%	200 995	17%	546 054	11 %
Бейқаржылық активтер	244 048	50%	188 847	22%				
Ностро шоттары	82 171	17%	490 544	56%	248 485	21%	4 547 517	88%
Басқадай активтер	5 845	1%			759 309	63%	44 910	1%
Барлығы бейрезиденттерге қойылатын талаптар	484 177	100%	870 656	100%	1 208 789	100%	5 138 481	100%
Бейрезиденттерден тартылған міндеттемелер								
Банкаралық салымдар	1 200 000	24%	1 400 000	13%	7 495 583	30%	7 631 310	24%
Банкаралық	1 300 000	26%	6 529 600	62%	15 880 707	64%		

карыздар							22 460 295	71%
Лоро шоттары	25 562	1%	38 711	0,4%				
Жеке Тұлғалардың салымдары	151 476	3%	206 416	2%	54 750	0,2%	62 285	0,2%
Заңды Тұлғалардың салымдары	682	0,01%	68	0,01%	5		192	0,00%
Дәрежеленген борыш	2 200 000	45%	2 200 000	21%	640 000	3%	640 000	2%
Басқадай міндеттемелер	2 511	0,1%	50 568	0,5%	835 395	3%	1 016 043	3%
Бейқаржылық міндеттемелер	60 269	1%	42 600	0,4%	756	0,003%	785	0,002%
Барлығы бейрезидентте р алдындағы міндеттемелер	4 940 500	100%	10 468 580	100%	24 907 191	100%	31 810 910	100%

3) облигациялар шығару туралы шешім қабылданған күннен бастап алты айдың ішінде жасалуы (жасалған) немесе орындалуы (орындалған) мәміле (мәмілелер) туралы мәліметтер, егер мәміле (мәмілелер) сомасы эмитент активтерінің баланстық құнының он пайызынан асып кетсе;

31.12.2013 ж. жағдай бойынша Эмитенттің активтерінің баланстық құнының он пайызынан асып кететін және облигациялар шығару туралы шешім қабылданған күннен бастап алты айдың ішінде жасалуы немесе орындалуы тиіс мәмілелері жоқ.

4) болашақтағы міндеттемелер. Эмитенттің негізгі болашақтағы міндеттемелері және осы міндеттемелердің эмитенттің қызметіне ықпал етуі мүмкін теріс ықпалдар ашып көрсетіледі, оның ішінде осы эмитент туралы, облигациялар саны, кепілдеме талаптары, кепілдеме шығарылымын өтеу күні мен валютасы туралы ақпаратты қоса алғанда, үшінші тұлғалардың кепілдемесімен қамтамасыз етілген өзге де эмитенттердің облигациялары бойынша эмитенттің кепілдемелері туралы мәліметтер

31.12.2013 ж. жағдай бойынша Эмитенттің Эмитент қызметіне теріс ықпал етуі мүмкін болашақтағы міндеттемелері, өзге эмитенттердің облигациялары бойынша кепілдері, сондай-ақ үшінші тұлғаға уәде берілген кепілдері жоқ.

5) эмитенттің сот істеріне қатысу туралы мәліметтер. Эмитенттің қатысуымен сот үдерістері мәнінің сипатын ұсыну, соның нәтижесі бойынша эмитент қызметі тоқтатылуы немесе шектелуі, оған ақшалай немесе басқа да міндеттемелер жүктелуі мүмкін

31.12.2013 ж. жағдай бойынша Эмитенттің қатысуымен нәтижесінде эмитент қызметі тоқтатылуы немесе шектелуі, оған ақшалай немесе басқа да міндеттемелер жүктелуі мүмкін сот үдерістері болған жоқ.

6) уәкілетті мемлекеттік органдармен және/немесе сотпен эмитентке немесе оны лауазымды тұлғасына соңғы жылда салынған барлық әкімшілік санкциялары туралы мәліметтер. Санкция қолданылған күн, санкция қолданған орган, санкция себебі, санкция түрі мен мөлшері, сонымен қатар, санкцияны орындау деңгейін көрсету

25 кесте – Эмитентке, оның лауазымды тұлғаларына соңғы жылда салынған әкімшілік санкциялары.

№	Санкция	Әкілетті орган	Санкция себебі	Санкция	Жағдай
---	---------	----------------	----------------	---------	--------

	салынған күні			теңге мөлшерінде	
			Штрафы		
1	02/10/2013	Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігінің салық Комитетінің Алматы қаласы бойынша Салық Департаментінің Түркісіб ауданы бойынша Салық Басқармасы	Салық есебін өткізу	Ескерту	-
2	26.12.2013	Ақмола обласы бойынша сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті	Құрылысы біткен, бірақ ережеге сай пайдалануға берілмеген объектілерді пайдалану	43 275	
3	26.12.2013	Ақмола обласы бойынша сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті	Техникалық және авторлық бақылаусыз құрылыс жүргізу	138 480	
4	26.12.2013	Ақмола обласы бойынша сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті	Сәулет-құрылыс жобасы және сәулет және қала құрылысы өкілетті органның рұқсаты жоқ бола тұра, тұрғын үйдің бос жерлерін заңсыз түрде қайта құру және қайта жабдықтау	60 585	
5	26.12.2013	Ақмола обласы бойынша сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті	Техникалық және авторлық бақылаусыз құрылыс жүргізу	138 480	
6	26.12.2013	Ақмола обласы бойынша сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті	Объектілерді және олардың желілерін жобалық (жоба-смета) құжаттарсыз, немесе қажетті сараптамадан өтпеген жобалық (жоба-смета) құжаттар негізінде құрылыс (қайта құру, техникалық жабдықтау, жаңарту, жөндеу) жүргізу	138 480	
7	26.12.2013	Ақмола обласы бойынша сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті	Құрылысы біткен, бірақ ережеге сай пайдалануға берілмеген объектілерді пайдалану	43 275	

7) тәуекел факторлары. Облигацияны ұстаушылар ұшырауы мүмкін, тәуекелдер факторының толыққанды талдауын ұсыну.

Эмитенттің облигациялар шығарылымы бойынша өзінің міндеттемелерін орындауы толығымен Эмитентке байланысты, ал Эмитент өз кезегінде, өз қызметінің нәтижелеріне байланысты. Әлеуетті инвесторлар төменде баяндалған тәуекел факторлары мен Эмитенттің облигациялар бойынша өзінің міндеттемелерін орындау қабілетін ескеруі тиіс. Тәуекелдің осы факторлары

жан-жақты болып табылмайды және нарықтағы осы құжатты жасау мерзіміндегі қол жетімді ақпаратқа және жағдайға сәйкес жасалады.

Төменде аталған тәуекелдердің біреуі немесе бірнешеуі туындаған жағдайда, Эмитент теріс ықпалдарды азайту бойынша барлық ықтимал шараларды жасайды. Бұл ретте Эмитент туындаған теріс өзгерістерді жоюға бағытталған әрекеттер, оқиғаны түзетуге алып келетіндігіне кепілдік бере алмайды, өйткені сипатталған факторлар Эмитенттің бақылауынан тыс болады.

Облигацияны ұстаушылар қамти отырып, бірақ онымен шектелмей, келесі тәуекелдерге ұшырауы мүмкін:

Несиелік тәуекел

Несиелік тәуекел бұл – банктік қарыздық, лизингтік, факторингтік, форфейтингтік операцияларды, банктік кепілдіктерді беру бойынша операцияларды және басқа операцияларды жүргізген кезде өзіне жүктеген ақшалай міндеттемелерді орындау бойынша шарттың (келісімшарттың) бастапқы шарттарын клиенттің бұзуы салдарынан шығындардың (залалдардың) пайда болу тәуекелі.

Эмитент үшін қарызгердің немесе контрагенттің міндеттемелерді орындамауы нәтижесінде туындаған қаржылық шығындар тәуекелі несиелік тәуекел болып табылады. Эмитент несиелік тәуекелдің топталу лимитін бекіту мен сақтпуды бойынша талапты қамтитын, сондай-ақ оның қызметіне несиелік тәуекелге белсенді мониторинг жүргізу кіретін, Несиелік комитетті құру арқылы несиелік тәуекелді басқарады (мойындалған қаржылық активтер мен мойындамаған шарттық міндеттемелер бойынша).

Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел бұл – нарықтық параметрлердің (валюталық бағам, сыйақылау мөлшерлемесі, қаржылық қарыздардың құны) қолайсыз өзгеруіне байланысты шығындардың (залалдардың) пайда болу тәуекелі. Нарықтық тәуекел валюталық тәуекелді, пайыздық тәуекелді және бағалық тәуекелді қамтиды. Нарықтық тәуекел нарықтағы жалпы және сипатты өзгерістерге және нарықтық бағалардың құбылмалылығы деңгейінің өзгерістерінің ықпалына ұшыраған, пайыздық, валюталық және үлестік қаржылық құралдарға қатысты ашық позициялар бойынша туындайды.

Эмитент жекелей қаржылық құралдар, пайыздық мөлшердемелерді өзгерту мерзімдері, валюталық позициялар, жоғалу лимиттері бойынша портфельдің көлеміне қатысты ашық позиция бойынша лимиттерді орнату және нәтижелерін Эмитент Басқармасы қарастыратын және бекітетін, жүйелі мониторинг жүргізу жолымен нарықтық тәуекелді басқарады.

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел бұл – Эмитенттің өз қызметін жүзеге асырған кезде шетелдік валюта бағамдарының өзгеруіне байланысты шығындардың (залалдардың) пайда болу тәуекелі. Осы тәуекел Эмитенттің бағалық мазмұндағы валюталар бойынша Эмитенттің позициясын қайта бағалау нәтижесінде пайда болған. Эмитенттің валюталық тәуекелге ұшырағыштығы қандай да болсын валютадағы активтердің және міндеттемелердің сәйкессіздік деңгейімен анықталады. Эмитент валюталық тәуекел бойынша ашық валюталық позициялар мен лимиттер бойынша лимиттер орнату жолымен валюталық тәуекелді басқарады.

Пайыздық тәуекел

Пайыздық тәуекел бұл – сыйақы мөлшерлемесінің қолайсыз өзгеруі салдарынан шығындардың (залалдардың) пайда болу тәуекелі. Эмитент өзінің қаржылық жағдайына және ақшалай

қаражат ағындарына арналған басым нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің ауытқу ықпалы нәтижесінде пайыздық тәуекелге ұшырағыш. Мұндай ауытқулар пайыздық айырманың деңгейін көбейтуі (азайтуы) мүмкін немесе пайыздық мөлшерлемелердің кенеттен өзгеруі жағдайында, шығындардың пайда болуына алып келеді. Эмитент пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру мониторингі және активтердің көлемі мен өтеудің белгілі бір мерзімдері бар, міндеттемелер арасындағы айырмалардың мақұлданған лимиттерін бекіту арқылы пайыздық тәуекелді басқарады. Күн сайын Активтерді және пассивтерді басқару жөніндегі комитет, Қазынашылықтың ықпалымен осы лимиттердің сақталуын бақылайды.

Өтемпаздық тәуекелі

Өтемпаздық тәуекелі бұл – Эмитенттің өзінің міндеттемелерін орындамауы не уақытылы орындамауы мүмкіндігімен байланысты тәуекел. Эмитентте өтемпаздық тәуекелі активтердің және міндеттемелердің өтелу мерзімдері бойынша сәйкессіздік кезінде туындайды.

Эмитент барлық міндеттемелердің өтеу мерзімі келуі бойынша, оларды орындауға қажетті ақшалай қаражаттың ұдайы болуын қамтамасыз ету мақсатында, өтемпаздықтың қажетті деңгейін қолдайды. Эмитент өтемпаздыққа қатысты болжанбаған талаптарға өткір ауытқусыз әсер ету үшін, Эмитент басқа банктердің ұзақ мерзімдік және қысқа мерзімдік несиелерінен, негізгі корпоративтік клиенттердің және жеке тұлғалардың депозиттерінен, сондай-ақ жоғары өтімділікті активтердің диверсификацияланған портфелінен құралған, қаржыландыру көздерінің диверсификацияланған және тұрақты құрылымын белсенді қолдауға ұмтылады.

Операциялық тәуекел

Операциялық тәуекел бұл – ішкі үдерістерді жүзеге асыру кезінде, ақпараттық жүйелердің және технологиялардың қызмет етуі, сондай-ақ сыртқы оқиғалар салдарынан қызметкерлер тарапынан жіберілген, кемшіліктер немесе олқылықтар нәтижесінде шығындардың пайда болуы.

Эмитентте операциялық тәуекел қызметті ұйымдастырған кездегі кемшіліктер және/немесе олқылықтар, ақпараттық жүйелердің және технологиялардың қызмет етуі, бизнес үдерістерді құру кезіндегі қызметкерлердің әрекеттері нәтижесінде, сондай-ақ сыртқы оқиғалардың ықпалы нәтижесінде пайда болады. Эмитент Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының ішкі саясаттарына, нұсқаулықтарына және ұсыныстарына сәйкес операциялық тәуекелдерді басқаруды жүзеге асырады.

Құқықтық тәуекел

Құқықтық тәуекел бұл – Эмитенттің Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын бұзу не Эмитенттің тәжірибесінің, оның ішкі құжаттарына сәйкессіздігі, ал Қазақстан Республикасының резиденті емеске қатысты – басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкессіздігі салдарынан шығындардың (залалдардың) пайда болу тәуекелі. Құқықтық тәуекелді жою және/немесе азайту мақсатында Эмитент барлық құжаттардың және/немесе мәмілелердің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкестігіне сараптама жүргізу үшін Заң басқармасын және Эмитенттің ішкі нормативтік құжаттарды және Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын сақталуын бақылауды жүзеге асыруға арналған Комплаенс қызмет басқармасын пайдаланады.

Бәсекелестердің ықпалы

Қазақстандағы экономикалық ахуалды тұрақтандыру, банктік сектордағы бәсекелестіктің өсуіне әкеледі, салдарынан, банктік операциялар бойынша табыстылық төмендеді. Осы жағдай

коммерциялық банктер арасындағы жаңа клиенттер тарту және жаңа қаржылық өнімдер мен қызметтер үшін бәсекелестік күрестің шиеленісуін шарттастырады.

8) эмитенттің қызметі туралы, эмитент онда өзінің қызметін жүзеге асыратын нарықтар туралы басқа ақпарат

Эмитенттің қызметі туралы, эмитент онда өзінің қызметін жүзеге асыратын нарықтар туралы басқа ақпарат жоқ.

5. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ

Эмитент қаржылық есепті Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп туралы заңнамасына және қаржылық есептің халықаралық стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес құрастырады. Осы тарауда келтірілген барлық деректер, 2010, 2011 ж. және 2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы жағдай үшін аудиторлық есептілікпен және 2013 жылғы 9 айы үшін қаржылық шолумен расталған, Эмитент ұсынған қаржылық есептілікке негізделген.

2011 ж. және 2012 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы жағдай бойынша, ХҚЕС сәйкес дайындалған, эмитенттің аудитінің және қаржылық есептілігінің 2013 жылғы 9 айы аудиторлық шолуын «КМПП Аудит» ЖШС жүргізді.

30. Баланстық құны материалдық емес активтердің жалпы баланстық құнының бес және одан көп пайызын құрайтын материалдық емес активтердің түрлері.

31.12.2013 ж. жағдай бойынша есепке сәйкес Эмитенттің материалдық емес активтерінің баланстық құны 1 462 581 мың теңгені құрайды.

26 кесте – 31.12.2013 ж. жағдай бойынша материалдық емес активтер, мың теңге

Материалдық емес активтердің атауы	Бастапқы құны	Жиналған амортизация және бағасыздану	Қалдықтық құны	Материалдық емес активтердің жалпы баланстық құнынан%
Бағдарламалыққа мсыздандыру	1 688 349	-225 768	1 462 581	100%
Жиыны	1 688 349	-225 768	1 462 581	100%

31. Баланстық құны негізгі құралдардың жалпы баланстық құнының бес және одан көп пайызын құрайтын негізгі құралдардың түрлері.

31.12.2013 ж. жағдай бойынша қаржылық есепке сәйкес Эмитенттің негізгі құралдардың баланстық құны 2 920 321 мың теңгені құрайды.

27 кесте – 31.12.2013 ж. Жағдай бойынша негізгі құралдар, мың теңге

Мүліктің атауы	Бастапқы құны	Жиналған тозу және бағасыздану	Қалдықтық құны	Жалпы қалдықтық құнынан%
Компьютерлер	1 596 965	-507 567	1 089 398	37%
Көлік құрал-жабдықтары	141 304	-34 473	106 831	4%
Жалға алынған ғимараттар бойынша капиталды шығындар	687 298	-92 851	594 446	20%
Жер және ғимараттар	467 449	-2 303	465 146	16%
Жер	20 037		20 037	1%
Құрылыс үстіндегі негізгі	133 945		133 945	5%

мүлік				
Өзге негізгі құралдар	796 384	-285 867	510 517	17%
Жиыны	3 843 383	-923 061	2 920 321	100%

32. Инвестициялар.

Бұл мәселе бойынша ақпарат келесі құрылым бойынша ұсынылады: басқа заңды тұлғалардың капиталына тікелей инвестициялар, ұрзақ мерзімді инвестициялар және инвестициялық портфель.

Эмитенттің басқа заңды тұлғалардың капиталына тікелей инвестициялар тізімі төменде берілген:

28 кесте – 31.12.2013 ж. Жағдай бойынша Эмитенттің басқа заңды тұлғалардың капиталына тікелей инвестициялары

Заңды тұлғалардың атауы	Сатып алу құны (мың тенге)	Баланстық күн (мың тенге)	Акциялар саны (дана)
«Казахстанская фондовая биржа»АҚ	367	2 200	6

31.12.2013 ж.жағдай бойынша Эмитенттің ұзақ мерзімді инвеститциялары мен инвестициялық портфелі болған жоқ.

33. Дебиторлық берешек.

Эмитенттің алдында жалпы дебиторлық берешек сомасының бес және одан көбірек пайыз мөлшерінде дебиторлық берешегі бар ұйымдардың атауы, немесе эмитенттің ең ірі он дебиторларының тізімі көрсетіледі.

Ең ірі он дебиторлардың тізімі төменде берілген:

28 кесте – 31.12.2013 ж.жағдай бойынша Эмитенттің ең ірі он дебиторлары

Кредитордың атауы	Мекенжайы	Сома, тенге	Өтеу мерзімі
Technodom Operator АҚ	Алматы қ., Құрманғазы, 178 А	46 464 928,00	Қаңтар 2014
FORA TRADE ЖШС	Ақтобе қ. Санкибай батыр, 159/Б	6 201 797,00	Қаңтар 2014
FORA TRADE ASIA ЖШС	.Ақтобе қ. Санкибай батыр, 159/Б	4 745 657,00	Қаңтар 2014
Gulser Computers (Гулсер Компьютерс) ЖШС	Алматы қ., пр. Сүйінбай, 2	36 756 745,00	Қаңтар 2014
HRG КАЗАКСТАН ЖШС	Астана қ., Бөкейхан, 8/1	12 727 103,00	Қаңтар 2014
Mega Media Communication ЖШС	Алматы қ. Абдуллиндер, №31/23	21 013 074,25	Қаңтар 2014
Компания Эврика ЖШС	Шымкент қ.	12 683 916,00	Қаңтар 2014
КПМГ АУДИТ ЖШС	Алматы қ.	12 723 200,00	Қаңтар 2014
Мечта Маркет ЖШС	Астана қ. Республика даңғылы 45	40 915 114,00	Қаңтар 2014
КВАНТ ЖШС	Орал қ., Гагарин, 2/3	4 732 704,00	Қаңтар 2014
Жиыны		198 964 238,25	

33-1. Эмитенттің қамтамасыз етуі болып табылатын, активтердің жалпы мөлшерінен он пайыздан кем емес мөлшерін құрайтын, сонымен қатар әр активтің бағасы мен тиісті шарттардың қолданылу мерзімдері көрсетіле отырып сенімді басқаруға берілген эмитенттің активтері туралы мәлімет.

31.12.2013 ж.жағдай бойынша Эмитентте, аквиттердің жалпы мөлшерінің 10 пайызынан кем емес мөлшерін құрайтын, міндеттемелердің қамтамасыз етуі болып табылатын, сонымен қатар сенімді басқаруға берілген активтері болған жоқ.

34. Бұл тармақта Эмитенттің жарғы және жеке капиталының мөлшері көрсетіледі.

29 кесте – Эмитенттің жарғы және жеке капиталы, мың тенге

Тармақтың атауы	31.012.2013 ж. жағдай бойынша
Жарғы капиталы	5 199 503
Жеке капиталы	27 478 114

35. Заемдар.

Бұл тармақта валюталарын, сыйақы мөлшерлемелерін, қамтамасыз ету түрлерін көрсете отырып қолданыстағы банктік заемдар және кредиттік желілер туралы ақпарат жарияланады. Өтеу сомалары жақын арадағы он екі айда тоқсандарға бөлінуі тиіс, қалған сомалар жылдарға бөлініп ұсынылады

31.12.2013 ж. жағдай бойынша Эмитенттің заемдар портфелінің құрылымы төменде көрсетілгендей болды:

30 кесте – Эмитенттің заемдары

Займды берген контрагенттің атауы	Тарту валютасы	Сума (мың тенге)	Пайыздық мөлшерлеме, %	Қамтамасыз ету түрі	31 желтоқсан 2013 ж. бастап 31 желтоқсан 2019 ж. дейін өтеуге жататын негізгі қарыз сомасы			
					2014 ж. 1 тоқсан	2014 ж. 2 тоқсан	2014 ж. 3 тоқсан	2014 ж. 4 тоқсан
Air Bank A.S.	KZT	1 939 999,69	құбылмалы	Жоқ				2 234 987
	KZT	1 900 000,00	құбылмалы	Жоқ			2 138 661	
	KZT	2 400 000,00	құбылмалы	Жоқ		2 581 000		
	KZT	2 100 000,00	құбылмалы	Жоқ				340 667
	KZT	3 200 000,00	құбылмалы	Жоқ				524 459
ХКФ Банк	KZT	1 514 700,00	14,00%	Жоқ		1 621 318		
	KZT	3 216 780,00	13,70%	Жоқ	3 442 026			
	KZT	1 590 000,00	14,00%	Жоқ		1 701 918		
	KZT	4 600 000,00	14,00%	Жоқ		4 923 789		
Home Credit B.V.	KZT	140 000	9,64%	Жоқ	3 374	3 411	3 449	3 449
	KZT	500 000	9,64%	Жоқ	12 050	12 184	12 318	12 318

Займды берген контрагенттің атауы	Тарту валюта сы	Сума (мың тенге)	Пайыздық мөлшерлеме, %	Қамтамасыз ету түрі	2014 ж. 3 тоқсан	2014 ж. 4 тоқсан		
Air Bank A.S.	KZT	1 939 999,69	құбылмалы	Жоқ				
	KZT	1 900 000,00	құбылмалы	Жоқ				
	KZT	2 400 000,00	құбылмалы	Жоқ				
	KZT	2 100 000,00	құбылмалы	Жоқ				
	KZT	3 200 000,00	құбылмалы	Жоқ	2 269 867			
ХКФ Банк	KZT	1 514 700,00	14,00%	Жоқ	3 482 521			
		3 216 780,00	13,70%	Жоқ				
		1 590 000,00	14,00%	Жоқ				
	KZT	4 600 000,00	14,00%	Жоқ				
Home Credit B.V.	KZT	140 000	9,64%	Жоқ	13 683	13 861		
	KZT	500 000	9,64%	Жоқ	48 869	49 503		

36. Эмитенттің негізгі қызметін жүзеге асыруына байланысты кредиттік берешек (жеткізушілер алдындағы берешек, алынған аванстар).

Эмитенттің кредиттік берешегінің жалпы сомасының бестен астам пайызы мөлшерінде берешегі бар ұйымның атауы немесе эмитенттің ең ірі он кредиторының атаулары.

Ең ірі он кредиторлар тізімі төменде берілген:

31 кесте – 31.12.2013 ж. жағдай бойынша Эмитенттің ең ірі он кредиторлары

Кредитордың атауы	Мекенжайы	Сома, теңге	Өтеу мерзімі
HRG Казакстан ЖШС	Астана қ., Бөкейхан к-сі, 8/1	695 282,40	Қаңтар 2014
Балажан ЖШС	Қостанай қ.	40 000,00	Қаңтар 2014
Кенсе Экспресс ЖШС	Алматы қ., Әйтеке би к-сі, 67, Панфилов к-нің қиылысы	986 667,00	Қаңтар 2014
Планета Электроника ЖШС Алматы қ.	Алматы қ., Әуезов к-сі 9	53 508,00	Қаңтар 2014
ФЭМИЛИ Ж. УСТЬ-КАМЕНОГОРСК ЖШС	Өскемен қ., Орджоникидзе көш.,42	46 171,45	Қаңтар 2014
Багинский Дмитрий Константинович ЖК	таратылған	96 000,00	Қаңтар 2014
Балабекова Калия ЖК	Шымкент қ.	350 000,00	Қаңтар 2014
Баймухашев Кайрат Ерболато ЖК	Ақтөбе қ.	37 200,00	Қаңтар 2014
ПАК А.Е. ЖК	Шымкент қ.	24 000,00	Қаңтар 2014
Шлычкова Н.С. ЖК	Тараз қ.	270 000,00	Қаңтар 2014
Жиыны		2 598 828,85	

36-1. Эмитенттің соңғы аяқталған үш қаржы жылында алынған (келтірілген) таза табысының (шығынының) мөлшері (үш жылдың әрқайсысының қорытындысы тұрғысында).

32 кесте – Эмитенттің таза табысы (шығыны)

Жыл	Таза табыс (шығыс), мың теңге
2011 ж.	6 045 900
2012 ж.	9 668 333
2013 ж.	12 310 424

36-2. Левередж.

33 кесте – Эмитент Левереджі

Атауы	01.01.2011 ж.жағдай бойынша	01.01.2012 ж.жағдай бойынша	01.01.2013 ж.жағдай бойынша.	01.01.2014 ж.жағдай бойынша
Міндеттемелер, мың теңге	11 332 987	26 758 399	56 763 291	88 109 133
Жеке капитал, мың теңге	6 586 937	12 632 837	22 301 170	27 944 915
Левередж мөлшері	1,72	2,12	2,55	3,15

36-3. Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу және бақылау Агенттігінің Басқармасының 29 сәуір 2009 жылғы № 89 Қаулысна сәйкес жойылды.

36-4. Эмитенттің аудиторлық есеппен расталған оның қаржылық есебіне сәйкес, соңғы аяқталған екі қаржы жылының бірінде қызметінен алынған ақша қаржаттарының таза ағыны көрсетіледі.

34 кесте – Эмитенттің ақша қаражаттарының таза ағымы, мың теңге

Атауы	2013 ж.	2012 ж.
Операциялық қызметтен түскен таза ақша	(2 754 144)	(3 184 251)

Атауы	2013 ж.	2012 ж.
қаражаттары		
Инвестициялық қызметтен түскен (шығындалған) таза ақша қаражаттары	(3 931 572)	(600 991)
Қаржылық қызметтен ақша қаражаттарының таза шығыны	6 568 449	7 540 147
Ақша қаражаттарының және оның баламаларының таза өзгерісі	(117 267)	3 754 905
Айырбас бағамы өзгерісінің ықпалы	160 838	49 449
Мерзімнің басындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары	8 599 544	4 795 190
Мерзімнің соңындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары	8 643 115	8 599 544

6. ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАР ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

37. Эмитенттің эмиссиялық құнды қағаздарының барлық тіркелген шығарылымына қатысты:

1) Әрбір шығарылатын облигациялардың жалпы саны, түрі мен номиналды құны, әр шығарылым бойынша орналастырылған облигациялардың саны, сонымен қатар, орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі (номиналды құны бойынша). Шығарылған облигацияларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын орган, мемлекеттік тіркеу нөмірі және осы шығарылымның мемлекеттік тіркелген күні.

31.12.2013 ж. жағдай бойынша Эмитенттің бір тіркелген және орналастырылған облигациялар шығарылымы бар.

Облигациялардың жалпы саны	7 000 000 дана
Облигациялардың номиналды құны	1 000 теңге
Орналастырылған облигациялар саны	7 000 000 дана
Орналастырудан түскен ақшаның жалпы көлемі (номиналдық құны бойынша)	7 000 000 000 теңге
Шығарылымның мемлекеттік тіркеуі туралы мағлұмат	Шығарылымның тіркелген күні 01.10.13 ж., нөмірі E54-1. НИН: KZP01Y03E546
Шығарылымның мемлекеттік тіркеуін атқарған орган	Ұлттық Банктің Қаржылық нарықты және қаржылық ұйымдарды бақылау және қадағалау комитеті

2) Құрылтайшылар төлеген акциялардың жалпы саны, түрі мен номиналды құны, сонымен қатар, акцияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы сомасы. Соңғы күні сатылған бағасы көрсетілген сатып алынған, айналымға түскен акциялардың саны. Акцияны сатып алу әдісі бекітілген күні. Шығарылған облигацияларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын орган, мемлекеттік тіркеу нөмірі және осы шығарылымның мемлекеттік тіркелген күні.

36кесте – Эмитенттің акциялар шығарылымы

Тіркелген және орналастырылған акциялар көлемі және түрі	Тіркелген көлемі – жай атаулы акциялардың 160 240 данасы Орналастырылған көлемі – жай акциялардың 34 890 данасы
Құрылтайшылар төлеген акциялардың номиналды құны	50 000 теңге
Акцияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы сомасы	5 197 000 000 теңге
Айналымға түскен акциялардың саны	34 890 дана
Сатып алынған акциялар көлемі, соңғы сатып алу барысындағы құны	Жоқ
Акцияны сатып алу әдісі бекітілген күні	10.09.2008 ж.
Акцияның шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізген орган	Қазақстан Республикасының қаржылық нарығын және қаржылық ұйымдарын реттеу және бақылау Агенттігі. Мемлекеттік тіркеу нөмірі № А0016, НИН KZ1C00160016. Акция шығарылымының мемлекеттік тіркеу күні: 12.11.2009ж.

3) Эмитенттің құнды қағаздар ұстаушылары арасында өз міндеттемелерін орындамау (облигациялар бойынша сыйақы төлемеу (төлемді кешіктіру), акция бойынша дивиденд төлемеу (төлемді кешіктіру) дерегі туралы мәліметтер, оған қоса орындалмаған міндеттемелер мөлшері мен осыларды орындау мерзімінің өткізілуі туралы, құнды

қағаздар (түрі мен шығарылы бойынша жеке) бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақылар сомасы туралы ақпарат.

31.12.2013 ж.жағдай бойынша Эмитенттің құнды қағаздар ұстаушылар арасында өз міндеттемелерін орындамау туралы ақпарат жоқ.

4) Егер құнды қағаздардың қандай да бір шығарылымы тоқтатылған немесе болмады деп танылған не жойылған жағдайда, осындай шешім қабылдаған орган, оларды қабылдаған күні мен негіздемесі көрсетіледі.

31.12.2013 ж.жағдай бойынша құнды қағаздардың қандай да бір шығарылымы тоқтатылған немесе болмады деп танылған не жойылған туралы ақпарат жоқ.

Тіркелген әр шығарылым бойынша сыйақы төлеу күндері, төленетін сомалары, әр шығарылым бойынша өтелу күндері мен сомалары. Облигация шығарылымы	Шығарылымның тіркелген күні 01.10.13 ж., нөмірі E54-1. НИН: KZP01Y03E546
Сыйақы төлеу күндері	5-мамыр, 5-қараша
Облигациялардың өтелу мерзімі	Өтелетін сома
05.05.14 – 20.05.14	297 500 000 теңге
05.11.14 – 18.11.14	297 500 000 теңге
05.05.15 – 20.05.15	297 500 000 теңге
05.11.15 – 18.11.15	297 500 000 теңге
05.05.16 – 20.05.16	297 500 000 теңге
05.11.16 – 18.11.16	7 297 500 000 теңге

6) Есептелген дивиденттің сомасын және төленген дивиденттің сомасын көрсетіп, әр жыл және соңғы екі қаржылық жыл немесе нақты әрекет еткен жыл үшін бір акцияға (қарапайым, артықшылықты) төленетін дивиденттің мөлшері.

Эмитент соңғы 2 қаржылық жыл ішінде бір рет жариялап, қарапайым акциялар бойынша дивиденттерді төледі. Дивиденттерді төлеген күн: 19 қыркүйек 2013 ж. Дивиденттер көлемі: 6 666 666 667 теңге

31.12.2013 ж.жағдай бойынша Эмитентте артықшылықты акция болған жоқ.

7) Эмитенттің құнды қағаздары сатылатын негізгі нарық, сонымен қоса сауданы ұйымдастырған ұйымдардың атауы:

31.12.2013 ж.жағдай бойынша Эмитенттің облигациялары «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ листингіне енген.

8) Облигациялық бағдарлама аясында, бұрын шығарылған облигациялардың ұстаушыларына ұсынылатын құқықтар, соның ішінде, шектеулер (ковенант) бұзылған кезде жүзеге асырылған құқықтар мен ұстаушылардың осы құқықтарын жүзеге асыру тәртібі көрсетілген, ұстаушылармен жасалған құнды қағаздарды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтар:

Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың құқықтары:

– Эмитенттен проспектіде көзделген шығарылым мерзімінде, Облигацияның кесімді бағасын алуға, сондай-ақ ол бойынша кесімді проспектіде (ары қарай – **Бірінші шығарылымның проспектісі**) бекітілген мерзімде Облигацияның кесімді бағасынан алынған ол бойынша бекітілген пайыз алуға; Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі нарығында Облигацияларды кедергісіз сатуға және сатып алуға;

– Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес, «Қазақстандық қор биржасы» АҚ талаптарында, Эмитенттің ішкі корпоративтік ережелерінде көзделген тәртіпте, Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алуға;

– Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда және тәртіпте Облигациялар бойынша өздерінің талаптарын қанағаттандыруға;

– Эмитенттің кінәсі бойынша купондық сыйақыны және/немесе оларды өтеу кезінде Облигациялардың кесімді бағасын төлемеу, сондай-ақ толық төлемеу жағдайында, сондай-ақ Облигацияларды «Қазақстандық қор биржасы» АҚ бастапқы орналастыру нәтижесі бойынша қалыптасқан баға/оларды сатып алған кездегі жинақталған купондық сыйақылар Облигацияларының кесімді бағасын/әділ нарықтық бағасын, ақшалай міндеттемені орындау мерзімінде, осы соманы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қайта қаржыландыру мөлшерлемесінен шыққанда есептелетін, әрбір мерзімі асқан күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасына есептелген үстемақының төленуін талап етуге құқығы бар.

– Облигацияларды «Қазақстандық қор биржасы» АҚ бастапқы орналастыру нәтижелері бойынша қалыптасқан, сатып алған кездегі Облигациялардың және жинақталған купондық сыйақылардың номиналдық бағасын/әділ нарықтық бағасын, осы соманы төлеуді, сондай-ақ, ақшалай міндеттемені немесе оның сәйкес бөлігін (яғни, одан кейін төлем төленетін кезеңнің соңғы күнінен кейін болатын мерзімдегі) орындау мерзімінде Қазақстан Республикасы Ұлттық банкін қайта қаражаттандыру мөлшерлемесі негізінде есептелетін, әрбір мерзімі асқан күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасына салынған үстемақыны талап етуге құқығы бар. ,

– ХҚЕС (IFRS) сәйкес дайындалған және осы қаржылық жылға арналған, келесі мекенжай бойынша жіберілген, жазбаша сұранысы бойынша, оның қаржылық жағдайы туралы аудиторлық есептермен бекітілген Қазақстан Республикасының заңнамасында және «Қазақстандық қор биржасы» АҚ талаптарында бекітілген тәртіпте ақпараттарды ашуға қосымша ретінде:

«Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ

Қазақстан Республикасы,

050059, Алматы қ,

Фурманов к, 248, «Сарқанд» бизнес орталығы

Email: info@homecredit.kz

Факс: +7 (727) 244 54 80

Ақпарат Эмитенттің ішкі корпоративтік құжаттарына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ұсынылады;

– барлық Облигацияларды осы Проспектінің 3.11.1 және 3.14.2 т. көзделген жағдайларда мәлімдеу құқығы;

– Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайлардағы және тәртіптегі Облигацияларға арналған өзге де құқықтар.

Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді талап ететін, Облигацияларды ұстаушылар құқығы көзделмеген.

7. ОБЛИГАЦИЯЛАР ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР (ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ КЕЗІНДЕ БҰЛ ТАРМАҚ ТОЛТЫРЫЛМАЙДЫ)

8. ҚОСЫМША АҚПАРАТ

41-1. Қазақстан Республикасының қаржылық нарық және қаржылық ұйымдарды реттеу мен бақылау Агенттігінің Басқармасының 24 ақпан 2012 жылғы № 77 қаулысына сәйкес шығарылды.

42. Облигациялар айналымының шектеулері.

Эмитент облигацияларының айналымында шектеулер жоқ.

43. Эмитенттің облигацияларды шағару шығындарының сомасы және осы шығындарды төлеу жолдары туралы мәлімет.

Облигациялық бағдарлама мен оның аясындағы облигациялардың 1-шығарылымын жүзеге асыру мақсатында Эмитент келесі шығын түрлеріен өтейді:

- Қаржы кеңесшісі мен андеррайтердің қызмет ақысы;
 - Рейтингтік агенттіктің қызмет ақысы;
 - Тіркеушінің қызмет ақысы;
 - Маркет-мейкердің қызмет ақысы;
 - Облигация ұстаушы өкілінің қызмет ақысы;
 - «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі талабына сәйкес, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның алғашқы және жыл сайынғы жарнасы.
- Екінші облигациялық бағдарлама мен оның аясындағы облигациялардың 1-шығарылымын жүзеге асыру мақсатында Эмитент шамамен 2 000 000,00 теңге жұмсайды.
- Шығындар Эмитенттің өз қаражаты есебінен өтеледі.

44. Инвесторлар Эмитенттің жарғысының көшірмесімен, облигациялар шығарылымы проспектісімен, облигацияларды орналастыру қорытындылары туралы есеппен, Эмитенттің қызметі туралы ақпараттарды жариялау үшін пайдаланылатын, бұқаралық ақпарат құралдарымен таныса алатын орындар туралы ақпарат.

Инвесторлар Эмитенттің Жарғысының көшірмесімен, Облигациялық бағдарламалар шығарылымының проспектісімен, көрсетілген құжаттардағы өзгерістермен және толықтырулармен: Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қ, Фурманов қ, 248, «Сарқанд» Бизнес орталығы мекенжайынан, сондай-ақ Эмитенттің www.homecredit.kz ресми сайтынан және/немесе «Қазақстандық қор биржасы» АҚ www.kase.kz ресми сайтынан және/немесе Қаржылық есептілік депозитарийінің www.dfo.kz ресми сайтынан және/немесе «Казахстанская правда» және/немесе «Егемен Қазақстан» және/немесе «Деловой Казахстан» газеттерінен таныса алады.

«Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ

Басқарма Төрағасы

Бас бухгалтер

«Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ



Гасяк В.М.

Сулейменова Ж.И.

1 қаңтар 2014 ж. жағдай бойынша «Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ (юұдан әрі – Банк) Директорлар кеңесінің комиттері туралы мәлімет


№	Банктің жұмыс органының атауы	Банктің жұмыс органының өкілеттіліктерінің сипаттамасы	Банктің жұмыс органы мүшелерінің тізімі			
			Тегі, аты, әкесінің аты	Лауазымы	Туған жылы, айы, күні	Лауазымға түскен мерзімі
1.	Директорлар Кеңесінің қызметкерлер, стратегиялық жоспарлау және аудит жөніндегі комитеті	<p>1) мамандар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер:</p> <p>а) Банктің Директорлар кеңесіне Банктің мамандары мен банк есебінен төленетін сыйақылар саласындағы қызметінің негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар ұсынады;</p> <p>б) Банктің Директорлар кеңесіне Банк қызметкерлеріне төленетін сыйақылар мөлшері бойынша ұсыныстар жасайды;</p> <p>в) Басқа команиялардағы /ұйымдардағы қызметкерлерді сыйақылау бойынша саясаттар мен бағдарламалар туралы деректерге салыстырмалы талдау жасайды және Банктің Директорлар кеңесіне ұсынады;</p> <p>г) өзінің қызметі мәселелері бойынша Банктің Директорлар кеңесінің шешімдерін бақылауға және тексеруге ықпалдастық көрсетеді;</p> <p>д) Банкте бекітілген рәсімге сәйкес, Банктің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларынан, өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті кез келген ақпаратты сұратады және алады.</p> <p>е) Мамандар және сыйақылар мәселелеріне байланысты, Банктің ішкі</p>	Полачек Бохумил	Комитет төрағасы (Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор)	13 сәуір 1967ж.	08 ақпан 2013 ж.
			Гасяк Владимир	Комитет мүшесі (Басқарма Төрағасы)	22 сәуір 1966 ж.	29 шілде 2013 ж.
			Нәдірова Нарине	Комитет мүшесі (Басқарма Төрағасының орынбасары)	07 қаңтар 1970 ж.	24 мамыр 2000 ж.
			Масанғалиева Гаухар	Комитет мүшесі (Басқарма мүшесі)	18 қаңтар 1969 ж.	29 наурыз 2013 ж.
			Хевеши Жужанна	Комитет мүшесі (Басқарма мүшесі)	05 шілде 1970 ж.	04 қаңтар 2012 ж.
		Зайдинова Салия	Комитет мүшесі	20 наурыз 1970 ж.	01 шілде 2009 ж.	

	<p>қызметін реттейтін құжаттарды қарастыруға қатысу, сондай-ақ оларды әрі қарай Банктің Директорлар кеңесіне қарастыру үшін ұсыну.</p> <p>2) стратегиялық жоспарлау мәселесі бойынша:</p> <p>а) Банктің стратегиялық мақсаттарын анықтау және оның қызметтерінің басым бағыттарын құрастыру туралы ұсыныстар жасау;</p> <p>б) Қазақстан Республикасының келешектегі экономикалық жағдайын, резиденттері банктің клиенттері болып табылатын шетелдердің болашақ экономикалық жағдайларын және әлемдік қаржылық және тауарлық нарықтардың конъюктурасын ескере отырып, Директорлар кеңесіне қысқа мерзімдік кезеңге жылдық бюджетті/қаржылық жоспарды және ұзақ мерзімге стратегиялық жоспарды талдау және ұсыну;</p> <p>в) Банктің мақсаттары мен стратегиясы туралы ақпаратты Банк басшылығы мен қызметкерлеріне жеткізу;</p> <p>г) Банк дамуының басым бағыттарын және стратегиялық жоспарлауды анықтау саласында Банктің Директорлар кеңесінің қабылдаған шешімдерін орындау үшін бақылауды жүзеге асыру.</p> <p>3) аудит мәселелері бойынша:</p> <p>а) Оларды кейіннен бекіту үшін, Банктің Директорлар кеңесіне жіберу арқылы, аудиттеу қажет болатын, Банктің тәуекелдер салаларын ескере отырып, Ішкі аудит басқармасының қысқа мерзімдік және ұзақ мерзімдік жұмыс жоспарларын</p>	Ибраева Руфина	<p>(Қызметкерлер мен жұмыс істеу департаментінің директоры)</p> <p>Комитет мүшесі (Ішкі аудит басқармасының бастығы)</p>	06 қаңтар 1970 ж.	18 қараша 2009 ж.
--	---	----------------	--	-------------------	-------------------

		<p>қарастырады және келіседі;</p> <p>б) жұмыс нәтижелері бойынша қорытындыланған жинақталған форматта ұсынылған және ең маңызды аудиторлық түсініктемелерден құралған, Ішкі аудит басқармасының есептерін талқылайды және талдайды;</p> <p>в) алдында Аудит жөніндегі комитет мақұлдаған, Ішкі аудит басқармасының есептерін Директорлар кеңесінің бекітуіне жібереді;</p> <p>г) кейіннен бекіту үшін, Банктің Директорлар кеңесіне жіберу арқылы, Банктің қаржылық есептілігінің жыл сайынғы және аралық есептіліктерінің нәтижелерін қарастырады;</p> <p>д) сыртқы аудиторлар жасаған және Банк басшылығына жазған хатта көрсетілген ұсыныстарды қарастырады және талқылайды;</p> <p>е) ішкі аудит анықтаған жұмыстағы кемшіліктерді және бұзушылықтарды жою бойынша Банк жүргізген іс-шаралар туралы Ішкі аудит басқармасы жүзеге асырған мониторинг нәтижелерін қарастырады;</p> <p>ж) оны кейіннен Банктің Директорлар кеңесіне жіберу арқылы, Ішкі аудит басқармасының жасалған жұмыстар туралы жылдық есебін қарастырады және келіседі.</p>				
2.	Директорлар Кеңесінің активтері мен пассивтерін басқару жөніндегі	<p>1) заем алу, қаржы құралдарын сатып алу/сату операциялары жөнінде ережелер мен процедураларды орнатады және мақұлдайды;</p> <p>2) инвестиция және банктік кепілдік беру ережелерін орнатады және мақұлдайды;</p>	Павел Розегнал	Комитет төрағасы (Директорлар кеңесінің төрағасы, Директорлар кеңесінің	01 мамыр 1977 ж.	10 қыркүйек 2008 ж.

	комитеті	3) активтерді диверсификациялау бағытын, капиталдың өтімділігін, табыстылығын және жеткіліктілігін қамтамасыз ету бағытын анықтайды.	Гасяк Владимир	мүшесі) Комитет мүшесі (Басқарма Төрағасы)	22 сәуір 1966 ж.	29 шілде 2013 ж.
			Нәдірова Нарине	Комитет мүшесі (Басқарма Төрағасының орынбасары)	07 қаңтар 1970 ж.	24 мамыр 2000 ж.
			Масанғалиева Гаухар	Комитет мүшесі (Қаржы директоры)	18 қаңтар 1969 ж.	29 наурыз 2013 ж.
3.	Директорлар Кеңесінің несиесі комитеті	1) Банктің ішкі құжаттарына сәйкес ішкі несиесі саясатын жүзеге асыру; 2) несиесі портфелінің сапасын қадағалау; 3) Банктің өз капиталының 5 пайызынан асатын соманы несиесіге беруге алдын ала рұқсат беру.	Павел Розегнал	Комитет төрағасы (Директорлар кеңесінің төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі)	01 мамыр 1977 ж.	10 қыркүйек 2008 ж.
			Гасяк Владимир	Комитет мүшесі (Басқарма Төрағасы)	22 сәуір 1966 ж.	29 шілде 2013 ж.
			Нәдірова Нарине	Комитет мүшесі (Басқарма Төрағасының орынбасары)	07 қаңтар 1970 ж.	24 мамыр 2000 ж.
			Хевеши Жужанна	Комитет мүшесі (Басқарма мүшесі)	05 шілде 1970 ж.	04 қаңтар 2012 ж.

«Хоум Кредит Банк» АҚ ұйымдастырушылық құрылымы



«Банк Хоум Кредит» Акционерлік Қоғамы Еншілес Банкінің аффилирленген тұлғаларының тізімі						
Жеке тұлғалар						
№	№	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Жеке тұлғалардың туылған күні	Заңды тұлғалардың тіркеу №	Аффилирленген деп тану үшін негіздеме	Аффилирлігі танылған күн
1	1.	Надилова Нарине Князьевна	07.01. 1970г.	жоқ	Банктің лауазымды тұлғасы немесе басшылық ететін қызметкері	27.04.1998ж.
2	1.1	Надилов Бари Надирович	1962г.	жоқ	Банктің лауазымдық тұлғасымен немесе басшылық ететін қызметкерімен туысқандық қатынаста, некеде, сондай-ақ жегжаттық қатынастағы тұлға	27.04.1998ж.
